

Қобда ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 8 тамыздағы № 223 "Қобда ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 8 қазандағы № 280 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 қазанда № 7528 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Заңының 3 бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Қобда ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қобда ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 8 тамыздағы № 223 "Қобда ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6343 тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 23 тамызында жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қобда ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада көрсетілген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Қобда ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қобда ауданының әкімі

Б. Кулов

Қобда ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 8

қазандығы № 280 қаулысына қосымша

Қобда ауданы әкімдігінің 2020 жылғы "08"

тамыздағы № 223 қаулысына қосымша

**Қобда ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебедің түрлері мен тәртібі және оларға ақшалай сыйақының мөлшері**

## **Көтермелебедің түрлері**

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебедің түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйақы беру.

## **Көтермелебедің тәртібі**

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебе мәселелерін Қобда ауданының әкімдігімен құрылған қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын, қылмыстардың алдын алуға және ашуға ықпал еткен азаматтарды көтермелебе жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қарайды.

3. Қоғамдық тәртіпті қорғауға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелебе жөніндегі ұсыныстарды комиссияның қарауына Қобда аудандық ПБ\* бастығымен ұсынылады.

4. Комиссия қабылдаған шешім - көтермелебе үшін, ал комиссия қабылдаған шешімге сәйкес Ақтөбе облысының \*ПД бастығының бүйрекі - көтермелебеуге ақы төлеу үшін негіз болып табылады.

5. Көтермелебе түрін, соның ішінде ақшалай сыйақы мөлшері, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, Комиссия белгілейді.

## **Ақшалай сыйақының мөлшері**

6. Ақшалай сыйақының мөлшері комиссиямен белгіленеді және ол 10 есе айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

7. Ақшалай сыйақы төлеу облыстық бюджет қаражаты есебінен Қобда аудандық ПБ жүргізіледі.

8. Көтермелебе ақы төлеуге арналған қаражат Ақтөбе облысы ПД шығыстарының кұрамында жеке бағдарламамен көзделеді.

Ескертпе: қысқарған сөздердің толық жазылуы:

\* ПБ – Полиция бөлімі

\* ПД – Полиция департаменті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК